| *Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),* | ***Ертегі оқу***<br>***«Шалқан»***<br>*Мақсаты: таныс шығармаларды қайталау кезінде сюжетті сақтау қабілетін дамыту, диалогтық сөйлеуді жеткізу.*<br>*(қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет,* | ***Көңілді доптар***<br>*Мақсаты: Сары түсті ермексаздың кесегін екі алақанмен домалақтаужәне жалпақтау дағдысын қалыптастыру,күнжасауды, күннің бейнесін айқындау үшін қосымша заттарды пайдалануды* | ***«Бұны қай кезде киеді?»***<br>***Мақсаты:*** *әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу.* | ***«Артығын тап»***<br>***(сенсорика)***<br>***Мақсаты:****Балалардың қиял шығармашылығын логикалық ойлауын дамыту.*<br>***Танымдық, коммуникативтік дағды)*** | ***Тақпақ жаттату:***<br>*«Бала бала балақан»*<br>***Мақсаты;***<br>*балаларды тақпақты анық, мәнерлеп айтуға үйрету.*<br>***Танымдық, коммуникативтік дағды)*** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)* | ***(танымдық, коммуникативтік дағды)*** | ***үйрету.Шығармашылық дағды*** | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | *Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.* | | | | |
| | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.* | *Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.* | *Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.* | *Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.* | *Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.* |
| Ұсыныстар | | | | | |

**Әдіскер** _____ **Захарова Н.Н**

**Топ тәрбиешілері** _____ **Хумаш Н**

_____ **Дәлелхан Ж**

Scanned with CamScanner

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Сәуір айы 2025 жыл 2 апта**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 07.04.25 | Сейсенбі 08.04.25 | Сәрсенбі 09.04.25 | Бейсенбі 10.04.25 | Жұма 11.04.25 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | *Күй күмбірі – баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.* | | | | |
| | *Балаларды қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл - күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.* | *Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу.* | *Балаларды ата-анадан қабылдау барысында ден -саулығына назар аудару* | *Қабылдау кезінде тазалық шарларына мән беру. Ата-анаға демалыс күні тазалық шаралары жайында ескерту. Шаш, тырнақ тазалығы* |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | *Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.* | | | | |
| | *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | *Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру* | *Ата-анаға балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.* | *Таңғы қабылдау. Баланың денсаулығы туралы ат-анамен әңгіме жүргізу.* | *Қабылдау кезінде тазалық шарларына мән беру. Ата-анаға демалыс күні тазалық шаралары жайында ескерту. Шаш, тырнақ тазалығы* |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | ***Картотека №11*** ***Дид ойын: «Түрлі түсті моншақтарды тізу»*** ***Ойынның мақсаты:*** *Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету* | ***Картотека № 12*** ***Дид ойын: «Ажырат»*** ***Ойынның мақсаты:*** *киімдерді ажырата білуді үйренеді.* | ***Картотека №15*** ***Дид ойын: Танып ал да, атын ата*** *Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атай алады.* | ***Картотека № 16*** ***Дид ойын: «Үй жануарлары»*** ***Мақсаты:*** *Үй жануарларын атай алады, олардың төлдерін сурет арқылы топтастыруды біледі.* | ***Картотека № 17*** ***Дид ойын: «Қоянға көмектес»*** ***Ойын мақсаты:*** *Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үрету.* |
| Ертеңгілік жаттығу | *Сәуір айының 2-аптасына арналған* | *Сәуір айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу* | *Сәуір айының 2-аптасына арналған* | *Сәуір айының 2-аптасына арналған* | *Сәуір айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу* |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *таңғы жаттығу кешені.* | *кешені.* | *таңғы жаттығу кешені.* | *таңғы жаттығу кешені.* | *кешені.* |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | | |
| Таңғы ас | *Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту* | | | | |
| | *Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету.* | *Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | *Таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.* | *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.* | *Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.* |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | *Мына аспан астында<br>Жақсы дос көп табылар<br>Мен де соның бірімін,<br>Сыйлығымды ал!* | *Ашық менің жүрегім<br>Ылғи күліп жүремін.<br>Бірге ойнап бір жүрер<br>Достарым көп, білемін!* | *Сықырлы айнадан<br>Өзімді көремін.<br>Бақытпан жайнаған.<br>Көзімді көремін.* | *Шақырамын сендерді<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөгеленген шеңберді.* | *Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз.* |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | | Дене шынықтыру<br>9.30-9.40 | Музыка<br>9.20-9.30 | Дене шынықтыру<br>9.10-9.20 | Дене шынықтыру<br>9.10-9.20 |
| | ***Ой қозғау.<br>АКТ жұмыс.*** *Ғарыш және ғарышкер туралы түсінік беру.<br>-Ғарыш дегеніміз не?<br>-Ғарышкер дегеніміз кім?<br>-Қандай әуе көліктерін білесіңдер?<br>- Мына суретте ең алғаш ғарышқа ұшқан* | ***Дене тәрбиесі<br>Кіріспе бөлім. Амандасу*** *Арақашықтықты, бірдей қарқынды сақтап бір қатарменжүру.<br>«Біз қадамды басамыз»<br>Біз қадамды басамыз,<br>Шапалақты соғамыз,<br>Басымызды да біз иіп.<br>Қолды жоғары созамыз,<br>Төмен қолдытүсіріп,<br>Бір-бірімізді жетектеп,* | .<br>***Музыка<br>Тақырыбы: Аспаптар әлемі***<br>*«Марш» (Е. Брусиловский) әуенімен балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады,әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып* | ***Дене тәрбиесі<br>Кіріспе бөлім. Амандасу.*** *«Балалар, біз бүгін мынандай ойын ойнаймыз: сендер кішкентай торғайлар боласыңдар, ал мен сендердің аналарың боламын (нұсқаушы торғайдың бейнесі бар бетперде-шапканы* | ***Дене тәрбиесі<br>Кіріспе бөлім. Амандасу.*** *«Балалар, біз бүгін мынандай ойын ойнаймыз: сендер кішкентай торғайлар боласыңдар, ал мен сендердің аналарың боламын (нұсқаушы торғайдың бейнесі бар бетперде-шапканы киеді).<br>Шеңбер бойымен тұру.* |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | адам Юрий Гагарин.<br>-Гарышқа қазақтардан кімдер бірінші болып ұшты?<br>-Олар не себептен ғарышқа ұшады?<br>(Аспан кеңістігін зерттейді)<br>**Сергіту сәті.**<br>Ал балалар тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Оңға қарай бұрылып,<br>Солға қарай бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Бой сергітіп алайық<br>**Ой дамыту.**<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**Дид ойын: «Ғарыш әлемі»**<br>**1-топ**<br>**«Жұлдызды аспан әлемін құрастыру»**<br>Ойын шарты: балалардың алдына аспанда болатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу.<br>Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б.<br>**2-топ**<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс:** | Шеңбер құрып жүреміз,<br>**Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:**<br>**1.Ойын:«Орныңды тап!»**<br>Тоқтап тұрып және тапсырманы орындай отырып жүгіру – тепе-теңдікті сақтай отырып сәкіге шығады.<br>**1.Ойын:«Соқтығыспа!»**<br>**Кедергілердің арасынан «жыланша» жорғалау** (бір қатарда бір-бірінен 1,5 метр қашықтықта орналасқан 4 кедергі бар) – еңбектеу кезінде кедергілерге соқтығыспау керек. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бақалар».**<br>Бақалардың секіру ерекшелігіне назар аударады<br><br>**Тақырыбы**: «Ғажайып ғарыш»<br>**Дид ойын:«Кім тапқыр»**<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Аспанда бір алып құс<br>Ызғып ұшып барады.<br>Қарап тұрсаң, ғажайып,<br>Соңында із қалады.**(Зымыран)**<br>Ұшқыш емес, бірақ ол<br>Аспанда қалықтап ұшады<br>Оны кім деп ойлайсыңдар? | жүруді ұсынады.<br>Балалардың ырғақты тыңдап,тізеніжоғарежүруінқадағалайды.<br>Барабан аспабын көрсетіп, ойналу әдісімен таныстыру.Балаларғабарабантуралышығарманытыңдаудыұсынады.<br>Тара-рам, тара-рам,Ойнайдыбарабан!<br>**Музыкатыңдау:«Барабан»**(Г.Левкодимов)<br>Шығарманы тыңдап, ырғағын шапалақпен көрсетуді ұсынады.<br>Әуеннің сипатын, көңілкүйін сезініпажыратабілугеүйрету.Балаларпьесаныэмоциямен қабылдайды.<br>Құыршақтарәдемі Бәріміз де бар енді.Бәрінен де бақшамызОйыншықтарәлемі!<br>**Әнайту:«Ойыншықтар»**(И.Нүсіпбаев,Н.Әлімқұлов)әнінорындапбереді.<br>Әнді екінші рет орындап, балаларға ойыншық, құыршақтармен мәтінге сай қимыл-қозғалыс жасауға үйрету. Әннің ауыспалы сипатына байланысты балалар | киеді).<br>Шеңбер бойымен түру.<br>«Ана-торғай» қимылды көрсетіп, өзі сырттай бақылайды. Анасы қарап тұрғанда балалары шеңбер бойымен жүруді орындайды.<br>«Анасы ұйықтап кеткенде, балалар қанаттарын жайып, жан-жаққа ұшып кетті». Торғайлар зал ішінде ұшып жүр. «Ана-торғай» оянды,<br>Чик-чирик, чик-чирик.<br>Бұл не шу? Бұл нешу?<br>Шеңберге жылдам тұрыңдар, Ұшуға ниеткылыңдар.<br>Нұсқаушы тағы да ұйықтап қалғандай болады. Сосын қайта оянады.<br>Бір ғана сәтке көз ілікті, Тентек боп торғайлар кетті. Бірақ енді қатаң қараймын, Тәртіпке сендерді саламын. Ал енді, балапандар, Жаттығуды бастаңдар!<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Жалпы дамуға** | «Ана-торғай» қимылды көрсетіп, өзі сырттай бақылайды. Анасы қарап тұрғанда балалары шеңбер бойымен жүруді орындайды.<br>«Анасы ұйықтап кеткенде, балалар қанаттарын жайып, жан-жаққа ұшып кетті». Торғайлар зал ішінде ұшып жүр. «Ана-торғай» оянды,<br>Чик-чирик, чик-чирик. Бұл не шу? Бұл нешу?<br>Шеңберге жылдам тұрыңдар, Ұшуға ниеткылыңдар.<br>Нұсқаушы тағы да ұйықтап қалғандай болады. Сосын қайта оянады.<br>Бір ғана сәтке көз ілікті, Тентек боп торғайлар кетті. Бірақ енді қатаң қараймын, Тәртіпке сендерді саламын. Ал енді, балапандар, Жаттығуды бастаңдар!<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Жалпы дамуға жаттығулары**<br>**І.«Қанатымызды тазалаймыз».**<br>Б.қ.: серіппе жасаймыз, басымызды оңға иеміз, б.қ., сосын солға 4 рет |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Дид ойын: «Зымыран»***<br>***Шарты:***<br>*Геометриялық пішіннен зымыран құрастыру Ғарышкер қайда ұшады?*<br>***Б: ғарышқа.***<br>*Ғарышқа немен барамыз?*<br>***Зымыранмен***<br>*Ендеше Ғарыш кемесін, зымыран құрастырамыз.*<br>***Жұмыс жасау барысы:***<br>*Педагог тақтада ең қарапайым геометриялық фигуралардан (тіктөртбұрыш – денесі, үшбұрыш – тұмсығы және аяғы, шеңбер - иллюминатор) кезең-кезеңімен зымыранды салудың жолын көрсету.*<br> <br>***Сұрақ-жауап.***<br>*Қандай пішіндерден зымыран құрастырдық?* | ***(Ғарышкер)***<br>***АКТ технологиясымен жұмыс.***<br>*Ғарышкер дегеніміз олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар. Аспан әлемінде де, көптеген ғалам бар. Ал біздер жер ғаламында өмір сүреміз.*<br>*- Ғарышкерлер ғарышқа зымыранмен ұшады. Оны ғарыш кемесі деп атаймыз. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді.*<br>*Ғарышқа ең бірінші сынақ ретінде итті ұшырған. Содан соң Ю.Гагарин ұшты*<br>***Қазақ ғарышкерлері.***<br>***Слайдпен жұмыс.***<br>*Ғарышқа қазақ ғарышкерлері де ұшқан. Т. Әубәкіров және Т. Мусабаев*<br>*Еліміздің мақтаныштары. ержүрек, батыр, халық қаһармандары.*<br>***Қазақ ғарышкерлері туралы тақпақтар***<br>*-Тоқтар – тұңғыш ғарышкер,*<br>*Арман қуып жасынан.*<br>*Көктен көзін алмаған,*<br>*Ұшқыш болды жас ұлан.*<br>***-Боламын ғарышкер,*** | *мимикалыққимылдар(жымию,қабақтүю т.б.) жасайды.*<br>***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Көбелек» (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік»жинағынан).*<br>*Бидің сипатына сәйкес мәнерлі билеуге үйрету, таныс би қимылдарын өз беттеріншебилеугемүмкіндікберу.*<br>*«Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны (Муз-дидактикалық ойындар жинағынан).Музыкалық спаптардың(барабан,сылдырмақ,бубен)дауыстарынажырату*<br>***Ой қозғау.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Аспан әлемінен қонаққа Жұлдыз келеді.*<br>*Жұлдыз балаларды аспан әлеміне саяхатқа апарады.*<br>*- Біз, қазір балалар, аспан әлеміне ұшақпен барамыз.*<br>*Ол үшін ұшағымызды мықты етіп құрастырып алайық.*<br>*Дид ойын: «Ұшақпен саяхат»*<br>*Шарты: Пішіндерден* | ***жаттығулары***<br>***1.«Қанатымызды тазалаймыз».***<br>*Б.қ.: серіпте жасаймыз, басымызды оңға немз, б.қ., сосын солға 4 рет қайталаймыз.*<br>***2.«Қанатымызды жаямыз».***<br>*Б.қ.: аяқтарымыз иықтың қашықтығына сәйкес келуі керек, қолдар төменде. Оң қолды жоғары көтереміз, жоғары қараймыз, б.қ., сол қолмен солай жасаймыз, 4 рет қайталаймыз.*<br>***3.«Жуынамыз».*** *Б.қ.: аяқтарымыз иықтың қашықтығына сәйкес келуі керек, қол белде, алға қарай иілеміз – «жуынып» жатқандай қимыл жасаймыз, б.қ., 5 рет қайталаймыз.*<br>***4.«Дән тауып алайық».***<br>*Б.қ.: отырамыз, саусақтармен еденді тықылдатады, б.қ. 4 рет қайталаймыз..*<br>***5.«Ұшуды үйренеміз».*** *Б.қ.: бұрынғыдай. Қолды құлаштай созып бір орында секіру. б.«Біз өсеміз».*<br>*Б.қ.: аяқ бірге қосулы, қолдар төменде.* ***Қолды жоғары созып, керілеміз – тыныс аламыз,***<br>*б.қ. – тынысшығарамыз.* | *қайталаймыз.*<br>***2.«Қанатымызды жаямыз».***<br>*Б.қ.: аяқтарымыз иықтың қашықтығына сәйкес келуі керек, қолдар төменде. Оң қолды жоғары көтереміз, жоғары қараймыз, б.қ., сол қолмен солай жасаймыз, 4 рет қайталаймыз.*<br>***3.«Жуынамыз».*** *Б.қ.: аяқтарымыз иықтың қашықтығына сәйкес келуі керек, қол белде, алға қарай иілеміз – «жуынып» жатқандай қимыл жасаймыз, б.қ., 5 рет қайталаймыз.*<br>***4.«Дән тауып алайық».***<br>*Б.қ.: отырамыз, саусақтармен еденді тықылдатады, б.қ. 4 рет қайталаймыз..*<br>***5.«Ұшуды үйренеміз».*** *Б.қ.: бұрынғыдай. Қолды құлаштай созып бір орында секіру. б.«Біз өсеміз».*<br>*Б.қ.: аяқ бірге қосулы, қолдар төменде.* ***Қолды жоғары созып, керілеміз – тыныс аламыз,***<br>*б.қ. – тынысшығарамыз.* |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қортынды**<br>*Аспан, аспан, арайлым,*<br>*Саған жиі қараймын,*<br>*Сені көзбен шоламын,*<br>*Мен ғарышкер*<br>*боламын.* | *Тоқтар мен Талғаттай.*<br>*Көк жүзі күлімдеп,*<br>*Ер ұлын тапқандай.*<br>**Шығармашылық бұрыш**<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топ:Дид ойын:**<br>**«Зымыран»**<br>**Шарты:** *фон аспан әлеміне зымыран жапсыру.*<br>**2-Топ: Дид ойын:**<br>**«Жарқырайды жұлдыздар»**<br>**Шарты:** *Аспан әлеміне салынған жұлдыздарды мақта таяқшасымен бояу.*<br>**Қортынды .Сұрақ-жауап**<br>*Ғарышкер дегенді қалай түсінеміз?*<br>*- Біздер қандай ғаламда тұрамыз?*<br>*- Ғарышқа сынақ ретінде бірінші болып қай жануар ұшты?*<br>*- Ғарышқа ұшқан орыс азаматы кім?*<br>*- Қазақ елінен кім ғарышкерлер ғарышқа ұшты?*<br>**Балаларды мадақтау.** | *ұшақ құрастыру.*<br> <br>*Кәне, барлығың еркін отырып, көздеріңді жұмып, көз алдарыңа аспанда ұшып жүргендей болып елестетіңдер* **(ұнтаспадан музыка әуені естіледі).**<br>*Біз ұшаққа отырып, аспанға көтерілдік. Аспанда күн бізге күлімсіреп қарап сәулесін шашып тұр.*<br> <br>*Кенет аспан әлемінде ай көрініп, жымыңдап жұлдыздар да көріне бастады.*<br> <br>*Біз жоғарыға көтерілген сайын суық ауаны сезіне бастадық. Денеміз* | *орында секіру. б.«Біз өсеміз».*<br>*Б.қ.: аяқ бірге қосулы, қолдар төменде.* **Қолды жоғары созып, керілеміз – тыныс аламыз,**<br>*б.қ. –*<br>*тыныссығарамыз.*<br>*Негізгі қимылдың түрлері:*<br>*1.Бағандар арасынан «жылан» жасап жүреді.*<br>*«Қараңдар, қаншама ағаштар айналада. Орманда адасып қалмай, бір-біріміздің қалмай ұшамыз».*<br>*2.Боренеден (сәкіден) секіру.*<br>*«Алдымызда ағаш құлап жатыр, оны секіріп өтейік».*<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ана-торғай мен балалар»**<br>*Бірлесіп бірге ұшамыз, Бір-біріміздің қалмаймыз.*<br>*Бір сапқа тұрып бәріміз Алыс жаққа барамыз.*<br>*Онда дәмді дәндер бар, Сендерге арнап сақталды*<br>***Ой қозғау.*** | *Негізгі қимылдың түрлері:*<br>*1.Бағандар арасынан «жылан» жасап жүреді.*<br>*«Қараңдар, қаншама ағаштар айналада. Орманда адасып қалмай, бір-біріміздің қалмай ұшамыз».*<br>*2.Боренеден (сәкіден) секіру.*<br>*«Алдымызда ағаш құлап жатыр, оны секіріп өтейік».*<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ана-торғай мен балалар»**<br>*Бірлесіп бірге ұшамыз, Бір-біріміздің қалмаймыз.*<br>*Бір сапқа тұрып бәріміз Алыс жаққа барамыз.*<br>*Онда дәмді дәндер бар, Сендерге арнап сақталды*<br>*Менің сүйікті бұрышым*<br>*Ғарыш туралы иллюстрациялар қарау.*<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>*Балалар қараңдаршы мына бір сурет бөлініп қалған. Кәне бәріміз құрастырып көрейік не шығады екен.*<br>***Дид ойын: «Бұл не?»***<br>**Шарты: Қиынды суреттерді құрастыру.**<br>**Ғарышкер суреті шығады.** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *тоңғандай болды. Біздің қасымыздан қатты жылдам-дықпен бір құс ұшқандай болды.*<br>*Ол құс ғарыш кемесі – зымыран екен.*<br> <br>*Қайтатын уақытта жақындады. Енді біз Жер планетасына ораламыз (балалар көздерін ашады).*<br>*Жұлдыз: - менің де сенімен қоштасатын уақыт болды. Басқа да балаларды аспан әлеміне саяхатқа апарайын. Балалармен қоштасады.*<br>***Әңгімелесу.***<br>*-Балалар сендерге саяхат ұнады ма? Аспан әлемінде қандай керемет-тер бар екен? Біз енді аспан әлемінде көргенімізді бір жерге жинақтап құрастырып көрейік*<br>***Үзкымдық жұмыс***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Шарты:****Көгілдір түске аспан әлеміне жұлдыз,* | *Балалар, біздің тобымызда не өзгерді? Не пайда болды?*<br>*Балалар: жұлдызды аспан, үлкен жұлдыз және бірнеше кішкентай жұлдыздар бейнеленген плакаттың пайда болғанын айту.*<br> <br>*Қалай ойлайсыңдар, бұл жұлдызды аспан неліктен пайда болды? Қандай мерекені тойлаймыз? Осы айда адам ғарышқа алғаш рет ұшты, сондықтан ғарышкерлер күні тойланады.*<br>***Тосын сәт.***<br>***Ой, балалар, мына жұлдызда бізге жазу жазылған! Мұнда былай делінген:***<br>*«Балалар, бізге жұлдызды аспанды зымырандар мен ғарышкерлермен безендіруге көмектесіңдер, жұлдызшамен белгіленген* | <br>***Сұрақ-жауап.***<br>***Бұл кім?***<br>*Ғарышкер дегеніміз – ғарышқа,аспан әлеміне ұшатын адамдар.*<br>***АКТ технол жжұмыс.***<br>*Аспан әлемінде де көптеген ғалам бар.Ал біздер жер ғаламында өмір сүреміз. Қандай ғаламда өмір сүреміз?.*<br>*Балалар,сендер қандай әуе көліктерін білесіңдер?*<br>***Ұшақ, тікұшақ, зымыран.***<br>*Иә,ғарышкер ағаларымыз ғарышқа зымыранмен ұшады екен. Оны ғарыш кемесі деп те атаймыз.Олар ғарышқа ұшып барып,аспан әлемін зерттейді.Біз бүгін ғарышкер ағалармен,аспан әлемімен танысамыз. Мына суреттегі ең алғаш ғарышқа ұшқан адам Юрий Гагарин деген кісі. Мынау ғарышқа ұшуға дайындалып жатқан кезі. Ғарышқа қазақ* |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *ай, күн, зымыранды орналастыру.*<br>***Қортынды***<br>***Сұрақ –жауап***<br>*Балаларды мадақт* | *тапсырмаларды орындаңдар. Құрметпен, жүлдыздар».*<br>***1- тапсырма***<br>***Дид ойын:***<br>***«Ғарышкерді тап»***<br>***Шарты:*** *Алдымызда 3 сурет тұр. Сендер олардан ғарышкерлерді табу керексіңдер. (ғарышкердің, полицейдің, матростың портреттері ұсынылады)*<br>*Неліктен бұл портретті таңдағанын түсіндіру.*<br>***Мига шабуыл***<br>*Сендердің ойларыңша ғарышкер қандай болуы керек?*<br>*Ғарышкердің денсаулығы жақсы болуы керек. Ол күшті, төзімді болуы керек, Ғарышкерлер өте ақылды адамдар, олар әртүрлі аспаптармен жұмыс істей алады және біледі.*<br>***2-ші тапсырма:***<br>*Сендер болашақ ғарышкер болам десеңдер, бірінші* | *ғарышкерлері де ұшқан. Мына суретте өзіміздің қазақ ғарышерлері — Тоқтар Әубәкіров және Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов деген ағаларымыз. Бұл кісілер – біздің еліміздің мақтаныштары. Олар ержүрек, батыр,халық қаһармандары. Ал мынау аспан әлемі. Қане аспан әлемімен танысайық.*<br>*— Аспанда тағы нелер болады, балалар?*<br>***Күн, ай, бұлттар болады.***<br>*Ал мынау ұшуға дайын далып жатқан ғарыш кемесі. Онымен адамдар аспанға ұшып,аспан кеңістігін зерттейді екен. Мынау Байқоңыр ғарышайлағы. Ғарышкерлердің бәрі осы жерден ғарышқа ұшады екен. Мына суретте ғарыштағы адам, ол үстіне арнайы киім, ягни скафандр киген. Ғарыш кеңістігінде ауа жоқ, сондықтан ол жақпа тек осындай арнайы киіммен ғана жүруге болады.* |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *ұшақ жасаңдар.*<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***Дид ойын: «Ұшақ»***<br>***1- топ: Шарты.***<br>*Берілген фонға зымыран бөліктерін жапсыру.*<br> <br>***3-топ: Дид ойын: «Зымырандар ұшады»***<br>***Шарты: Зымыранды бояу.***<br>  <br>***3-Топ: Дид ойын: «Бөлігін тап»***<br>***Шарты:*** *Геометриялық пішіндерден зымыран бөліктерін тауып құрастыру.*<br> <br>*Қарандаршы, біздің жұмысымыз қаншалықты қызықты болды!* | *Балалар,біз ғарышкерлер туралы тақпақты бірге қайталайық.*<br>***Әубәкіров ағаның***<br>*Даңқы көкке самғаған.*<br>*Тоқтар аға Гагарин*<br>*Салған жолын жалғаған.*<br><br>***Арман қуған баламын***<br>*Таудай асқақ талабым*<br>*Тоқтар, Талғат ағаның*<br>*Ізбасары боламын.*<br>***Шығармашылық бұрыш***<br>*Үлгі. Аспан әлемі.*<br>*Балаларды бақылау.*<br>***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ***3-тапсырма.*** *Сергіту жаттығуын орындаңдар, күш алыңдар.* ***Сергіту сәті: Музыкамен.*** ***4-тапсырма: Ғарыш кер туралы тақпақ айту.*** ***Ғарышкер ағалар.*** ***Фариза Оңғарсынова*** *Көк аспанға қараймын, жұлдыздарды санаймын. Осынша көп моншақты төгіп кеткен қалай кім? Жарқырайды, лаулайды, бірақ жерге жаумайды.* ***Жұлдыздар балаларды мақтап, өздерінің жұлдызшаларынан беру.*** *Келесі кездескенше!* ***Қорытынды:*** *Балаларды мадақтау.* . | |
| 2-ші таңғы ас | *Екінші ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.* ***Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы*** | | | | |
| Серуенге | *Еңбегі адал жас орен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.* | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| дайындық | *Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* |
| Серуен | ***Картотека №7*** *Қараторғайдыбақылау* | ***Картотека №8*** *Көктемгі ауа райын бақылау* | ***Картотека №9*** *Құстарды бақылау.* | ***Картотека №14*** *Ағаштарға бақылау жасау* | ***Картотека №19*** *Бұталарды бақылау.* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Көктемгі серуен картотекасынан*** | | | | |
| Серуеннен оралу | *«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.* | | | | |
| | *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.* | *Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жуғызу,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу* | *Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту* | *Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру. жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру.* | *Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету. Түскі асқа дайындық.* |
| Түскі ас | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну* | | | | |
| | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.* | *Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.* | *Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.* | *Тамақт ан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.* | *Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* |
| Күндізгі ұйқы | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.* | *Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.* | *Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау* | *Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.* | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау* |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.* *Санжар* *Қайсар* | *жолақшаларды ажырата білуге үйрету.* *Маржан* *Әлинұр* | *пішіндерді ажырата білуге үйрету, көру , ойлау қабілеттерін арттыру.* Аяла Алинұр | *Үлкен және кіші ұғымдарын түсіндіру. Үлкен-кіші заттарды топтауға үйрету.* *Айбар* *Әлисұлтан* | *берілген нысанды таңдауға үйрету.* *Кайсар* *Санжар* |
| *Кешкі ас* | *Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.* ***Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы*** | | | | |
| Серуенге дайындық | *«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызметететуге тәрбиелеу.* *Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.* | *Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жондеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* |
| Серуен | ***Картотека №7*** *Қараторғайдыбақылау* | ***Картотека №8*** *Көктемгі ауа райын бақылау* | ***Картотека №9*** *Құстарды бақылау.* | ***Картотека №14*** *Ағаштарға бақылау жасау* | ***Картотека №19*** *Бұталарды бақылау.* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| ***Балалардың*** | ***Ертегі оқу*** | ***Көңілді доптар*** | ***«Бұны қай кезде киеді?»*** | ***«Артығын тап»*** | ***Тақпақ жаттату:*** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *мен фигуралар туралы білімдерін бекіту: айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.*<br>*Санжар*<br>*Қайсар* | *жолақшаларды ажырата білуге үйрету.*<br>*Маржан*<br>*Әлинұр* | *пішіндерді ажырата білуге үйрету, көру , ойлау қабілеттерін арттыру.*<br>Аяла<br>Алинұр | *Үлкен және кіші ұғымдарын түсіндіру. Үлкен-кіші заттарды топтауға үйрету.*<br>*Айбар*<br>*Әлисұлтан* | *берілген ысанды таңдауға үйрету.*<br>*Қайсар*<br>*Санжар* |
| *Кешкі ас* | *Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.* ***Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы*** | | | | |
| Серуенге дайындық | *«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.*<br>*Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.* | *Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* |
| Серуен | ***Картотека №7***<br>*Қараторғайдыбақылау* | ***Картотека №8***<br>*Көктемгі ауа райын бақылау* | ***Картотека №9***<br>*Құстарды бақылау.* | ***Картотека №14***<br>*Ағаштарға бақылау жасау* | ***Картотека №19***<br>*Бұталарды бақылау.* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| ***Балалардың*** | ***Ертегі оқу*** | ***Көңілді доптар*** | ***«Бұны қай кезде киеді?»*** | ***«Артығын тап»*** | ***Тақпақ жаттату:*** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-ролдік, үстел үсті-басна және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)* | *«Шалқан» Мақсаты: таныс шығармаларды қайталау кезінде сюжетті сақтау қабілетін дамыту, диалогтық сөйлеуді жеткізу. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, (танымдық, коммуникативтік дағды)* | *Мақсаты: Сары түсті ермексаздың кесегін екі алақанмен домалақтаужәне жалпақтау дағдысын қалыптастыру,күнжасауды, күннің бейнесін айқындау үшін қосымша заттарды пайдалануды үйрету.Шығармашылық дағды* | ***Мақсаты:** әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу.* | *(сенсорика) **Мақсаты:**Балалардың қиял шығармашылығын логикалық ойлауын дамыту. **Танымдық, коммуникативтік дағды)*** | *«Бала бала балақан» **Мақсаты;** балаларды тақпақты анық, мәнерлеп айтуға үйрету. **Танымдық, коммуникативтік дағды)*** |
| Балалардың үйге қайтуы | *Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.* | | | | |
| | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.* | *Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.* | *Ата-аналарага балабақшага төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.* | *Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.* | *Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.* |
| Ұсыныстар | | | | | |

**Әдіскер** _____ **Захарова Н.Н**

**Топ тәрбиешілері** _____ **Хумаш Н**

_____ **Дәлелхан Ж**

Scanned with CamScanner

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Сәуір айы 2025 жыл 3 апта**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 14.04.25 | Сейсенбі 15.04.25 | Сәрсенбі 16.04.25 | Бейсенбі 17.04.25 | Жұма 18.04.25 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | *Күй күмбірі – баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.* | | | | |
| | *Балаларды қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл - күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.* | *Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу.* | *Балаларды ата-анадан қабылдау барысында ден -саулығына назар аудару* | *Қабылдау кезінде тазалық шарларына мән беру. Ата-анаға демалыс күні тазалық шаралары жайында ескерту. Шаш, тырнақ тазалығы* |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | *Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.* | | | | |
| | *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | *Ата-аналарага ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру* | *Ата-анаға балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.* | *Таңғы қабылдау. Баланың денсаулығы туралы ат-анамен әңгіме жүргізу.* | *Қабылдау кезінде тазалық шарларына мән беру. Ата-анаға демалыс күні тазалық шаралары жайында ескерту. Шаш, тырнақ тазалығы* |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығарма шылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | ***Картотека №1 «Көжекті жасыр»*** ***Міндеті:*** *Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдау.* | ***Картотека №2 «Макарон моншақтар»*** ***Міндеті:****Балалар макороннан моншақ жасау.* | ***Картотека №11 «Қажет суретті тап»*** ***Ойынның мақсаты:*** *Үлкен және кіш ұғымдарын түсіндіру. Үлкен-кіші заттарды топтауға үйрету* | ***Картотека №7 «Балықты ұста»*** ***Міндеті:****балалар түсі арқылы балықтарды топтастыру* | ***Картотека №14 Қонжықпар.*** ***Міндеті:****Заттардың мөлшерін , шамасын салыстыру.* |
| Ертеңгілік жаттығу | *Сәуір айының 3-аптасына арналған* | *Сәуір айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу* | *Сәуір айының 3-аптасына арналған* | *Сәуір айының 3-аптасына арналған* | *Сәуір айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу* |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *таңғы жаттығу кешені.* | *кешені.* | *таңғы жаттығу кешені.* | *таңғы жаттығу кешені.* | *кешені.* |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*** | | | | |
| Таңғы ас | *Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту* | | | | |
| | *Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету.* | *Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | *Таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.* | *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.* | *Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына аландамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.* |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | *Мына аспан астында<br>Жақсы дос көп табылар<br>Мен де соның бірімін,<br>Сыйлығымды ал!* | *Ашық менің жүрегім<br>Ылғи күліп жүремін.<br>Бірге ойнап бір жүрер<br>Достарым көп, білемін!* | *Сықырлы айнадан<br>Өзімді көремін.<br>Бақытқа жайнаған.<br>Көзімді көремін.* | *Шақырамын сендерді<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөгеленген шеңберді.* | *Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз.* |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | | Дене шынықтыру<br>9.30-9.40 | Музыка<br>9.20-9.30 | Дене шынықтыру<br>9.10-9.20 | Дене шынықтыру<br>9.10-9.20 |
| | ***Қызығушылықты ояту.<br>Менің сүйікті бұрышым<br>Ертегілер әлемі.<br>Иллюстрациялар қарау.***<br>*-Сендерге ертегі айтып берейін сендер мұқият тыңдаңдар,* | *Кіріспе бөлім. Амандасу.<br>Ойын гимнастикасы<br>Алақанды ашайық,<br>Шапалақты соғайық.<br>Шап-шап-шапалақ, Шап-шап-шапалақ.<br>Кәне, маған қара,<br>Бәрін бірдей қайтала. Бір-екі-үш, бір-екі-үш, Бәрін бірдей қайтала (барлық қимылды).* | ***Музыка<br>Тақырыбы: Кәне,қызық ойынбар***<br>*Балалардыкөңілдіқарсыалады.<br>Кәне, кәне,<br>тұрыңдар,Үлкен шеңбер құрыңдар!Қанаттыкеңжайыңдар!<br>«Көбелек» биін (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік» жинағынан)* | *Кіріспе бөлім.<br>Амандасу.<br>Ойын гимнастикасы<br>Алақанды ашайық,<br>Шапалақты соғайық.<br>Шап-шап-шапалақ,<br>Шап-шап-шапалақ.<br>Кәне, маған қара,<br>Бәрін бірдей қайтала.<br>Бір-екі-үш, бір-екі-үш,<br>Бәрін бірдей қайтала* | ***Кіріспе бөлім***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.<br>Шеңбер бойымен жай жүру .<br>Шеңбер бойымен тұру.*<br>***Қызығушылықты ояту***<br>*Балалар, біз бүгін кімге қонаққа баратынымызды* |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Бәріміз мына сыйқырлы тақтаға қарайық.<br>- Ертегінің аты «Бауырсақ пен тышқан».<br>-Ертеде тауық пен тышқан керемет дос болыпты.<br> <br>-Бір күні тауық бір уыс бидай тауып алады да, досы тышқанға бидайды үгітіп беруін сұрайды.<br> <br>-Ал тышқан болса мен үгіте алмаймын дейді.<br>-Амалсыздан бидайды тауық өзі үгітеді.<br> | Оң аяқ, сол аяқ.<br>Қаз-қаз бастық біз аздап<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ. Кәне қол, кәне аяқ?<br>Ойнайықшы біз аздап<br>(Қол-аяқпен еркін қимылдар жасалады). Бір-екі-үш,бір-екі-үш,<br>Ойнайықшы біз аздап.<br>Негізгі бөлім<br>Жалпы даму жаттығулары Таяқшамен<br>**Б.қ.: «Мысық ояды »**<br>**1.** Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /5 рет қайталау./<br>**Б. қ.: «Кілем қағу»**<br>**2.** Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау «тук-тук-тук»- деп айту. /5 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Шалтай-балтай»**<br>**3.** Аяқты алшақ қоямыз, таяқша төменде қолдарымен ұстау, оңға, солға бұрылу. / 5рет қай/<br>**Б.қ.: «Дәл тигіз»**<br>**4.** Аяқтары алшақ | қайталауды ұсынады.Бақылдарынқ айталау, өзбеттеріншеерекін билеугемүмкіндік беру.<br>**Музыкатыңдау:**«Мәшине »(К. Қуатбаев,Т. Тұяқбаев)<br>Әннің мазмұны мен әуенінің ырғағын ажыратуға үйрену. Мәшине, бағдаршам суреттерінкөрсету,әңгім елеу. Жолережелері туралытүсінік беру.<br>**Ән айту:**«Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, Ю. Энтин, аударған И. Сапарбай)Әннің әуенін үйрену, мазмұнына сәйкес қимыл жасауға үйрету. Айғайламай, дауысқа күштүсірмей дұрыс айтуға дағдыландыру. Өткен әндерді қайталау. Таныс әндерді естерінетүсіріп, создеріи анық, таза айтуына мән беру. Таныс әндерді қалаулары бойыншақайталау.<br>«Ойыншықтар»(И.Нүсіпбаев,Н.Әлімқұлов)<br>**Музыкалық-ырғақтыққозғалыстар:**« | (барлық қимылды).<br>Оң аяқ, сол аяқ<br>Қаз-қаз бастық біз аздап Топ-топ-топ, топ-топ-топ. Кәне қол, кәне аяқ?<br>Ойнайықшы біз аздап<br>(Қол-аяқпен еркін қимылдар жасалады).<br>Бір-екі-үш,бір-екі-үш,<br>Ойнайықшы біз аздап.<br>Негізгі бөлім<br>Жалпы даму жаттығулары<br>Таяқшамен<br>**Б.қ.: «Мысық ояды »**<br>**1.** Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /5 рет қайталау./<br>**Б. қ.: «Кілем қағу»**<br>**2.** Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау «тук-тук-тук»- деп айту. /5 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Шалтай-балтай»** | табыңдаршы.<br>Көп болса да аяғы, Тек жорғалап жүреді.<br>Денесі жасыл буылтық,<br>Жапырақ оныңқоректі.<br>**(Жұлдызкүрт)**<br>**Негізгі бөлім**<br>**Жалпы даму жаттығулары:**<br>**«Көбелектер»**<br>**«Көбелектер ұшады»** – б.қ., аяқтар сәл алшақ қойылған, қолдар төменде. Қолдыекі жаққа созып, құлашын сермейді, төмен түсіреді. 5 рет қайталайды.<br>**«Көбелектер су ішеді»**– б.қ.,алдыңғыдай. Еңкейеді, қолын артқа апарады, түзеледІ.. 4 рет қайталайды.<br>**«Көбелектер отырды»** – б.қ., алдыңғыдай. Отырады, қолды тізенің үстінеқояды, түзеледІ.. 5 ретқайталайды.<br>**«Көбелектер алаңқайға ұшып кетті»** – б.қ., аяқтары бірге, қолдары дене бітімінің бойында. Бір орында секіру, қолды құлаштапсермеу.<br>**Қимылдың негізгі түрлері: «Жұлдызкүрт» ойынын ойнайық.** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Дәірменнен шыққандай мап-майда ұн жасап, одан қамыр илейді.<br>-Илеген қамырдан енді бауырсақ пісір дейді-тышқанға.<br>-Әлгі еріншек тышқан өзің пісіре салшы мен шаршап тұрмын диді.<br> <br>-Содан тауық бір табақ қылып бауырсақ пісіріп, табаққа салынған бауырсақты жоғары көтеріп-бауырсақты кім жейді- дейді?<br> <br>-Мен, мен,-деп тышқан жүгіріп келеді.<br>-Сонда тауық:<br>-Бидайды үгітуге де, бауырсақты пісіруге де ешқандай үлес қосқан жоқсың. Еңбек етсең ерінбей- тояды қарының тіленбей,- | қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. /5 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Көңілді таяқша»**<br>**5.** Таяқшаны айналып секіру және жүру. /15-20 секунд/<br>Маршпен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру.(таяқшаны үстел үстіне қою)<br>Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.<br>**Тыныс алу жаттығулары:шәйнекті к дыбысын салу(ш-ш-ш).**<br>Терең тыныс алып, демді шығару.<br>Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:<br>**1.«Қояндар» – алға қарай екі аяқпен секіру.** Өз жұбына қарай секіріп барып, оған қолын тигізіп, жылдам өз орнына тұру.<br>Нұсқау – екі аяқпен бір мезетте жігерленеитерілу.<br>**2.«Аюлар» –тіке бағытта тортаяқтапеңбектеу.**<br>Аюлар ойнап жүреді – «Аюлар!» деген команда | Бөбектербәі» (К.Куатбаев)<br>Балаларжұптасып тұрады. 1-бөлімде бір-біріне қарап тұрып, аяқтарымен жеңіл ^^ріптелікимылжасайды. 2-бөлімдеқол ұстасып айналады.<br>Кел, ойнайық, ойнайық,Қызыққабіртой майық!– депойынғашақырады.<br>«Жайжәнежылдам»ойны(Е.Хасанғалиев, А.Асылбек)<br>Ән-ойын мәтініне сәйкес 1-шумақта жай және тез қол шапалақтау. 2-шумағында жай жәнетезаяқ топылдату.Әуен ырғағынажыратып, еркінқозғалуғаүйрету.<br><br>**Қызығушылықты ояту. Өлең оқу**<br>Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар.<br>Сұрақ-жауап<br>Өлең жолдары не туралы айтылған?<br>**Ой дамыту.**<br>**АҚТ технологиясымен** | **3.** Аяқты алшақ қоямыз, таяқша төменде қолдарымен ұстау, оңға, солға бұрылу. / 5рет қай/<br>**Б.қ.: «Дәл тигіз»**<br>**4.** Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. /5 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Көңілді таяқша»**<br>**5.** Таяқшаны айналып секіру және жүру. /15-20 секунд/<br>Маршпен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру.(таяқшаны үстел үстіне қою)<br>Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.<br>**Тыныс алу жаттығулары:шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш).**<br>Терең тыныс алып, демді шығару.<br>Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:<br>**1.«Қояндар» – алға қарай екі аяқпен секіру.** | 1.«Жұлдызқұртты аттап өт» гимнастикалық сәкіде жұлдызқұрттан аттап өту. (Жұлдызқұрт балаларға кедергі жасап сәкіде жатады).<br>2.Доға астынан өт. (доға астына жорғалау)<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жұлдызқұрт»<br>Балалар бірінің артынан бірі «жұлдызқұрт» болып тізбектеліп тұрады<br>Бірінші ойыншы «басы», соңғысы – құйрығы.<br>Музыка ырғағымен жұлдызқұрт алға қарай жорғалайды, басы әртүрлі би қимылдарын көрсетеді (қолымен, денесімен, аяғымен, басымен), басқалары бұл қимылдарды қайталауға тырысады.<br>«Бас» шаршаған кезде, артында тұрған келесі ойыншыға бұрылып, оның басынан сипайды, ал өзі тізбектің соңына барып тұрады<br><br>**Ой қозғау.**<br>**Дид ойын: «Суреттер сыры»**<br>Шарты: Педагог көрсеткен суретке жауап |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дейді де тышқанды үйінен қуып шығады.<br>-Содан бері тауықтар тышқанды көрсе, үрке қарайды екен.<br>-Балалар ертегі ұнады ма?- ия.<br>-Ертегі не туралы айтылған?-«бауырсақ» дұрыс<br>**Мига шабуыл.**<br>Тауық немен дос болды?<br>Ол не тауып алды?<br>Тышқаннан қандай көмек сұрады?<br>Тышқан не еді?<br>Тышқан қандай деп ойлайсыңдар?<br>Бұл жерде еңбекқор қайсысы?<br>**Шығармашылық бұрыш.**<br>**Дид ойын: « Нан түрлері»**<br>Балаларды топқа бөлу.<br>**1-топ:** Сары ермексаздан бауырсақ мүсіндеу.<br>**2-топ:** Дастарқанға нан жапсыру.<br>**Ой қозғау.**<br>Нан туралы қандай мақал-мәтелдер білеміз<br>**Мақал-мәтел.** | берілгенде, орындарын ауыстырып, залдың қарсы жағына қарай еңбектейді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Балапандар».** Кішкентай балапанға айналуды ұсынады.<br><br>**Қызығушылықты ояту.**<br>**Өлең оқу. «Бауырсақ»**<br>Апам менің пісірген<br>Қызыл күрең бауырсақ<br>Шықпай қояр түсіңнен<br>Біраз жемей сағынсақ<br> <br>Сұрақ-жауап<br>Өлең не туралы айтылған?<br>**Ой толғау.**<br>Суретпен жұмыс<br>-Бауырсақты түсі көлемі қандай?<br>-Бауырсақ неден жасалады?<br>-Бауырсақты қайда пісіреді?<br>**Дид ойын: «Бауырсақ жасау»**<br>Шарты: Бауырсақтың жасалуын қимылмен көрсету.<br>Үнды аламыз, илейміз, | **жұмыс.**<br>- Балалар, неге нанды ас атасы деп айтамыз?<br>- Ал енді нан дастарханға қалай келеді екен?<br>**(слайдтан көрсету)**<br>Көктемде бұл тракторлармен жерді жыртып, оны тырмалап, жерге мынандай бидай дәнін себеді. **(балаларға бидайды көрсету)**<br> <br>- Келесі суретте нені көріп тұрсыңдар?бұл егін алқабы.<br> <br>- Келесі суретте нені көріп тұрсыңдар?<br> <br>- Егінді орып жүрген комбайн. Ол бидайды тазартып қалікке салып | Өз жұбына қарай секіріп барып, оған қолын тигізіп, жылдам өз орнына тұру. Нүсқау – екі аяқпен бір мезетте жігерленеитеріпу.<br>**2.«Аюлар» –тіке бағытта тортаяқтапеңбектеу.**<br>Аюлар ойнап жүреді – «Аюлар!» деген команда берілгенде, орындарын ауыстырып, залдың қарсы жағына қарай еңбектейді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Балапандар».**<br>Кішкентай балапанға айналуды ұсынады.<br><br>**Дид ойын: «Кім не істейді?»**<br>**Шарты:**Суреттегі мамандық иесінің не істейтінін жанына жұмыс түрін қойып айтып шығу.<br>Дикаршы-егін егеді, баптайды<br>Трактористі- жер жыртады<br>Наубайшы -нан пісіреді<br>Дәрменші-ұн тартады<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс**<br>Экраннан ертегілер | беру. Жалқау бала, еңбек сүйгіш бала.<br>Түсіндіру.<br>**Ой дамыту**<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретте не көріп тұрсыңдар?<br> <br>Қандай жұмыс жүргізіп жатыр?<br>- Үйдің ауласына не отырғызып жатыр?<br>-Көктем мезгілінде адамдар айналаны бәрін тазартады.<br>- Ағаштар, гүлдер отырғызады.<br>Ағаштар мен гүлдер әдемі болып өсу үшін қандай қамқорлық көрсете аламыз?<br>Балалар не істеп жатыр?<br>Еңбек етіп жатыр.<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
